

## **5B010100-МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

### **5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері**

*Білім беру бағдарламасының мақсаты* - әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие, төмендегі бағыттар бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті мектепке дейінгі білім беру педагогын даярлау:

- мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту педагогикалық үдерістерін жобалау мен ұйымдастыру;
- мектеп жасына дейінгі баланың ұйымдасқан оқу қызметін модельдеу және өткізу;
- мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру және дамыту үдерісін басқару;
  - мектеп жасына дейінгі баланың жалпы мәдениетін қалыптастыру бағыттары бойынша қамтамасыз ету және құзыретті бакалавр дайындаудың құқықтық-нормативті негіздерін анықтау.

*Білім беру бағдарламасының міндеті* - болашақ мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бакалаврында жалпымәдени, кәсіби және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға арналған тәрбиелеу үдерісі мен ұйымдасқан оқу қызметін басқарудың білім мазмұнын, формаларын, құралдарын, әдістерін анықтау.

### **2 5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша түлекте білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер**

Білім беру бағдарламасы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруды мүмкін етеді:

- *жалпымәдени;*
- *кәсіби;*
- *пәндік.*

#### **Жалпымәдени құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

2.1.1 өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру *дағдыларын игерген;*

2.1.2 әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі әдістері мен ережелерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде *қолдануға дайын;*

2.1.3 ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты *жеткізетін*, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын *игерген;*

2.1.4 шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін *қолданады;*

2.1.5 ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын *қолданады*, ауқымды компьютерлік желідегі компьютермен жұмыс істеу *дағдылары бар;*

2.1.6 әлеуметтік өзара әрекеттестік құруда білім беру үдерісіне қатысушылардың этно-мәдени және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеруге *қабілетті;*

- 2.1.7 адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген*;
- 2.1.8 ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін *жете түсінеді*;
- 2.1.9 тазалық сақтау және еңбекті қорғау талаптарына, сыртқы ортаның жағымсыз ықпалдарынан қорғану ережелеріне сай салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға *қабілетті*.

**Кәсіби құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

- 2.2.1 оқу-тәрбие үдерісін *модельдей алады* және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға *дайын*;
- 2.2.2 психологиялық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын *қолдана алады*;
- 2.2.3 психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді *қолдануға дайын*;
- 2.2.4 әртүрлі жастағы балалардың әрекеті, қарым-қатынасы, дамуының диагностикалық әдістерін *пайдалануға дайын*;
- 2.2.5 білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушыларға арналған бағдарламалардан, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларынан алған білімдерін *қолдануға дайын*;
- 2.2.6 балалардың әралуан әрекет түрлерін *ұйымдастыруға дайын*;
- 2.2.7 білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін *меңгерген*;
- 2.2.8 мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын *түсінеді*, кәсіби этикалық ұстанымдарды *сақтайды*;
- 2.2.9 қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті ұйымдастыру тәсілдерін, сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін *меңгерген*;
- 2.2.10 кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатысуға *қабілетті*;
- 2.2.11 кәсіби қызметінде бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды *қолдануға дайын*;
- 2.2.12 сыни ойлау әдістемесін меңгеруге *қабілетті*;
- 2.2.13 инклюзивті білім беру құндылықтары мен сенімдерін *бөлісуге дайын*;
- 2.2.14 өзгермелі еңбек нарығына бейімделуі және белсенді де жауапты азамат болып қалыптасуы үшін нәтижеге және мобильділікке бағытталған білім алуға *қабілетті*.

**Пәндік құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

- 2.3.1 мектепке дейінгі білім беру ерекшеліктерін *жете түсінеді*, мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларға білім беру сабақтастығын жүзеге асыру құралдарын *игерген*;
- 2.3.2 мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың теориялық және әдістемелік негіздері мен технологияларын *меңгерген*;
- 2.3.3 мектеп жасына дейінгі балаларға арналған көркем шығармалармен жұмыс істеу технологияларын *игерген*;
- 2.3.4 мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерінің теориялық және әдістемелік негіздері мен оны дамыту технологияларын *қолдана алады*;
- 2.3.5 мектеп жасына дейінгі балалардың жаратылыс ғылымдары жөніндегі түсініктерінің теориялық және әдістемелік негіздері мен оны дамыту технологияларын *қолдана алады*;

2.3.6 мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері туралы білімдерін, технологияларын қолдануға қабілетті;

2.3.7 мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу, музыкалық және шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын игерген.

### 3.2 5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша оқу жоспары

Оқыту мерзімі: 4 жыл

Академиялық дәрежесі: 5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша білім бакалавры

№	Модуль және пән атауы	ECTS	Семестр
<b>ЖБМОД 1</b>	<b>Жалпы білім беру пәндері модулі</b>	<b>24</b>	<b>1-3</b>
<b>МПК 1.1</b>	Міндетті пәндер компоненті	<b>24</b>	<b>1-3</b>
<b>1.1.01</b>	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
<b>1.1.02</b>	Қазақ (орыс) тілі	4	1
<b>1.1.03</b>	Шетел тілі - B 1	4	1
<b>1.1.04</b>	Компьютерлік ғылымдар	4	2
<b>1.1.05</b>	Артбілім	3	1
<b>1.1.06</b>	Экономика және бизнес	3	3
<b>1.1.07</b>	Білім беру философиясы	3	3
<b>КПМ 2</b>	<b>Кәсіби пәндер модулі</b>	<b>60</b>	
<b>МПК2.1</b>	Міндетті пәндер компоненті	<b>60</b>	
<b>2.1.01</b>	Педагогика	5	2
<b>2.1.02</b>	Психология	5	2
<b>2.1.03</b>	Дене шынықтыру және спорт	3	1
<b>2.1.04</b>	Педагогикалық риторика	3	3
<b>2.1.05</b>	Инклюзивті білім беру	3	5
<b>2.1.06</b>	Жас ерекшелігі физиологиясы және балалар гигиенасы	3	1
<b>2.1.07</b>	Шетел тілі – B2	5	2
<b>2.1.08</b>	Зерттеу әдістері	3	3
<b>2.1.09</b>	Іс-тәжірибе - 1	6	4
<b>2.1.10</b>	Іс-тәжірибе – 2	9	6
<b>2.1.11</b>	Іс-тәжірибе - 3	15	8
<b>АПМ 3</b>	<b>Арнайы пәндер модулі</b>	<b>144</b>	<b>1-8</b>
<b>МПК3.1</b>	Міндетті пәндер компоненті	<b>81</b>	<b>1-8</b>

3.1.01	Балалар әдебиеті	5	2
3.1.02	Қазақ (орыс) тілінің негіздері	4	1
3.1.03	Бала тілінің дамуы -1	5	3
3.1.04	Бала тілінің дамуы -2	5	4
3.1.05	Математикалық түсініктердің теориялық негіздері	4	1
3.1.06	Баланың қарапайым математикалық түсініктерінің дамуы -1	5	5
3.1.07	Баланың қарапайым математикалық түсініктерінің дамуы -2	3	6
3.1.08	Дене мәдениетінің негіздері	3	3
3.1.09	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	4
3.1.10	Валеология негіздері	3	4
3.1.11	Баланың дене тәрбиесі	3	4
3.1.12	Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған әлеммен таныстырудың теориялық негіздері	3	3
3.1.13	Кішкентайлар ғылымы -1 (қоршаған әлеммен таныстыру)	3	5
3.1.14	Кішкентайлар ғылымы -2(экология)	3	6
3.1.15	Мектеп жасына дейінгі балалар музыкалық тәрбиесінің теориялық негіздері	3	2
3.1.16	Артбілім беру -1 (музыкалық тәрбие)	3	4
3.1.17	Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу іс-әрекетінің теориялық негіздері	3	4
3.1.18	Артбілім беру -2 (бейнелеу іс-әрекетінің әдістемесі)	3	5
3.1.19	Хормен ән айту тәрбиесінің негіздері	4	1
3.1.20	Бала дамуы	5	3
3.1.21	Мектепке дейінгі педагогика	5	3
3.1.22	Кәсіби бағытталған шетел тілі	3	5
ЭПК	Элективті пәндер компоненті	<b>63</b>	
4	Дипломдық жұмыс	<b>12</b>	
	<b>ECTS барлық кредиті</b>	<b>240</b>	
	<b>Оқытудың қосымша түрлері</b>		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	3	2
	Мәңгілік Ел	3	2

### 3.3 Пәндік (арнайы) пәндер модулі бойынша ұсынылатын элективті пәндер

<b>КЭД 3.2</b>	<b>Компонент элективных дисциплин</b>	<b>63</b>
3.2.01	Балабақшадағы музыка және қозғалыс	<b>5</b>
	Музыкалық аспаптар	

3.2.02	Мәнерлеп оқу практикумы	6
	Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту бойынша практикум	
3.2.03	Информатиканы оқыту	5
	Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі технологиялары	
3.2.04	Психомоторикалық дағдыларды дамыту	6
	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	
3.2.05	Педиатрия және бала гигиенасының негіздері	5
	Балалар тамағы негіздері	
3.2.06	Драматизациялау және ойын	5
	Ертегі терапия	
3.2.07	Баланың мәдени бос уақытын ұйымдастыру	5
	Шығармашылық дағдыларын дамыту	
3.2.08	Балалар риторикасы	5
	Балаларды мектепалды даярлау	
3.2.09	Баланың арт іс-әрекеті	5
	Бейнелеу іс-әрекеті мен құрастыру бойынша практикум	
3.2.10	Мектепке дейінгі ұйымдардағы пәндік- дамытушылық орта	5
	Әлеуметтік және адамгершілік даму	
3.2.11	Екінші тіл ретінде қазақ (орыс) тілін үйрету	5
	Мектепке дейінгі ұйымда шетел тілін үйрету	
3.2.12	Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің жұмысы	6
	Практика- 4 (Кәсіби әдістемелік)	
3.2.13	Дене шынықтыру	14
	Барлығы	63